

Орталық депозитарийдің қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 мамырдағы N 128 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 27 маусымда тіркелді. Тіркеу N 4265. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 238 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылады - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.12.29 N 238 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына, "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 10) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Б а с қ а р м а с ы **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сай Орталық депозитарийдің қызметті жүзеге асыру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулының 2-қосымшасында көрсетілген Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (Тоқобаев Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қ о л ғ а а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, орталық депозитарийге, брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті және бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға жіберсін.

5. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (

Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының баспасөз басылымдарында жариялау шараларын қолға алсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агенттігі
Басқармасының 2006 жылғы
27 мамырдағы N 128

қаулысының 1-қосымшасы

Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру ережесі

Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру ережесі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, "Бағалы қағаздар рыногы туралы", "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы", "Төлемдер және ақша аударымдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді және орталық депозитарийдің бағалы қағаздар рыногында қызметін жүзеге асыру талаптары мен тәртібін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бастапқы дилер (бастапқы агент) - мемлекеттік бағалы қағаздарды бастапқы орналастыруға қатысуға Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен жіберілген номиналды ұстаушы есебінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясына ие ұйым;

2) депонент клиенті - номиналды ұстаушы қызметін көрсету туралы олармен жасалған шартқа сәйкес депонент қызметін пайдаланатын жеке немесе заңды т ұ л ғ а ;

3) есеп айырысу ұйымы - орталық депозитарийдің тапсырмасы бойынша ұлттық валютадағы (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі) және шетел валютасындағы (Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында және шетелде кастодиандық қызметті жүзеге асыратын банктер, халықаралық депозитарийлер, шетел депозитарийлері және кастодиандар) ақшаны аударуды және есепке алуды жүзеге асыратын ұйым;

4) есепке алу ұйымы - номиналды ұстауға берілген қаржы құралдарын есепке алу үшін орталық депозитарий атына жеке шоттары ашылған тіркеуші, кастодиан банк, халықаралық және шетел депозитарийлері;

5) қосалқы шот - уәкілетті органның лицензиясы негізінде немесе Қазақстан

Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес бағалы қағаздар рыногында дилерлік қызметті жүзеге асыратын депонетке (депонент клиентіне) немесе ұйымдарға тиесілі қаржы құралдарын есепке алуға арналған жеке шот шеңберінде ашылатын қосалқы шот;

б) резерв орталығы - орталық депозитарийдің есепке алу жүйесін құрайтын электронды деректердің сақталуын жүзеге асыратын ұйым;

7) уәкілетті орган - бағалы қағаздар рыногын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

2. Орталық депозитарийдің ұйымдық құрылымына бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті орталық депозитарийдің жүзеге асыру тәртібіне ішкі бақылауды жүзеге асыратын бөлімше енгізіледі, бөлімше орталық депозитарийдің директорлар кеңесіне тікелей бағынады және орталық депозитарийдің бөлімшелерінде басқа қызмет атқармайтын және бағалы қағаздармен мәмілелерді орындау мен тіркеу жөніндегі жұмыстарды орындау құқығымен уәкілетті органның біліктілік куәлігіне ие үш немесе одан да көп қызметкерлерден тұрады.

Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті орталық депозитарийдің жүзеге асыру тәртібіне ішкі бақылауды жүзеге асыратын бөлімше құрылымы, міндеттері, функциялары, өкілеттілігі және жауапкершілігі орталық депозитарийдің директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген ережемен реттеледі.

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының негізінде орталық депозитарий органдарын құру және функциялау жүзеге асырылады.

3. Орталық депозитарийдің бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыру кезінде оның ұйымдық құрылымын бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыратын жеке бөлімше және депозитарлық қызметті жүзеге асыратын жеке бөлімше құрайды.

Бір бөлімше қызметкерлерінің басқа бөлімше қызметкерлерінің функциялары мен міндеттерін қоса атқаруға жол берілмейді.

4. Орталық депозитарий мыналардың құрылуы мен қызметіне қатыса алады:

1) рейтингтік агенттіктердің;
2) ақпараттық-талдау қызметін көрсететін ұйымдардың;
3) орталық депозитарийдің қызметіне техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдардың;

4) клирингтік және есеп айырысу ұйымдарының;

5) сауда-саттықты ұйымдастырушылардың;

б) бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың.

2-тарау. Депозитарлық қызмет көрсету шарты және банк шоты шарты

5. Депозитарлық қызметті жүзеге асыру барысында орталық депозитарий клиенттері болып уәкілетті органның лицензиясы негізінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар рыногында дилерлік қызметті жүзеге асыратын депоненттер, олардың клиенттері және ұйымдар б о л ы п т а б ы л а д ы .

Банк шоттарын ашу мен жүргізу жөніндегі операцияларды орталық депозитарий жүзеге асырған кезде орталық депозитарийдің клиенттері болып уәкілетті органның лицензиясы негізінде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар рыногында дилерлік қызметті жүзеге асыратын, орталық депозитариймен банк (ағымдағы немесе корреспонденттік) шоты шарттарын жасаған депоненттер және ұйымдар болып табылады.

6. Орталық депозитарийдің ережелер жиынтығын сақтау орталық депозитарийдің депоненттері болып табылатын және (немесе) орталық депозитарий қызметін пайдалану арқылы мәмілелерді жүзеге асырушы барлық субъектілер үшін міндетті болып табылады.

Орталық депозитарий өз клиенттері мен сауда-саттықты ұйымдастырушыларды ережелер жиынтығындағы барлық өзгерістер мен толықтыруларды оларды қолданысқа енгізген күнге дейін он бес күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Орталық депозитарий уәкілетті органның лицензиясы негізінде немесе Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар рыногында дилерлік қызметті жүзеге асыратын депоненттермен және ұйымдармен депозитарлық қызмет көрсету шарттарын және банк шоты шарттарын жасайды. Шарттар жазбаша нысанда жасалады.

Орталық депозитарий қаржы құралдарының номиналды ұстау қызметін көрсету кезінде депозитарлық қызмет көрсету шартында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес номиналды ұстау туралы шарттың н о р м а л а р ы б о л у ы т и і с .

Банк шоты шартын жасау талаптары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында және орталық депозитарийдің ережелер жиынтығында белгіленеді.

3-тарау. Орталық депозитарийдің бағалы қағаздар рыногындағы қызметі

8. Орталық депозитарий өз клиенттерінің эмиссиялық бағалы қағаздары мен өзге қаржы құралдары жөніндегі мәмілелерін тіркеу, құқықтарын есепке алуды жүргізу және растау мақсатында жеке шоттарын (қосалқы шоттарын) ашады және күнін, уақытын әрі оларды жүргізу негіздерін көрсете отырып, жеке шоттар (қосалқы шоттар) бойынша барлық операциялардың есебін жүргізеді.

9. Орталық депозитарий клиенттерінің қаржы құралдарының сақталуын қамтамасыз ету үшін қаржы құралдарын депозитарийдің өзіне тиесілі қаржы құралдарынан оқшаулап сақталуын қамтамасыз етеді.

Орталық депозитарийге номиналды ұстауға берілген қаржы құралдары орталық депозитарийдің балансында ескерілмейді.

10. Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде жеке шоттар мынадай заңды тұлғаларға ашылады:

1) бағалы қағаздар рыногында кастодиандық қызметті жүзеге асыруға уәкілетті органның берген лицензиясына ие;

2) номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға уәкілетті органның берген лицензиясына ие;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне;

4) бағалы қағаздар рыногында дилерлік қызметті жүзеге асыруға уәкілетті органның берген лицензиясына ие;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкес уәкілетті органның лицензиясыз дилерлік қызметті жүзеге асырушыларға;

6) шетел депозиттері мен кастодиандарға.

Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде жоғарыда аталған заңды тұлғаларға бір ғана жеке шот ашылуы мүмкін.

11. Осы Ереженің 10-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген жеке шоттарда осы жеке шот ашылған орталық депозитарий клиентіне тиесілі қаржы құралдарын есепке алу үшін арналған бір ғана қосалқы шот ашылады.

12. Депоненттер мен олардың клиенттерінің қаржы құралдарының бөлек есепке алынуын қамтамасыз ету үшін депоненттің жеке шотында мынадай қосалқы шоттар ашылады:

1) депонент атына ашылған және депонентке тиесілі қаржы құралдарын есепке алуға арналған депоненттің қосалқы шоты;

2) депонент клиентінің атына ашылған және депоненттің белгілі бір клиентіне тиесілі қаржы құралдарын есепке алуға арналған ұстаушының қосалқы шоты;

3) номиналды ұстаушының атына ашылған және номиналды ұстаушыға берілген қаржы құралдарын есепке алуға арналған номиналды ұстаушының қосалқы шоты. Номиналды ұстаушының қосалқы шоты мыналарға ашылады: шетелдік депозитарийдің және кастодианның клиентіне;

басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған қаржы құралдарын есепке алу үшін кастодианның клиенті болып табылатын Қазақстан Республикасының резидент номиналды ұстаушысы;

кастодиан клиенті болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденті

емес

номиналды

ұстаушысы;

4) бағалы қағаздардың қайталама рыногында эмитент сатып алған эмитент атына ашылған және қаржы құралдарын есепке алу үшін арналған сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің қосалқы шоты;

5) эмитент атына ашылған және осы эмитенттің орналастырылмаған қаржы құралдарын есепке алуға арналған жарияланған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған эмитенттің қосалқы шоты.

Жеке шотта депоненттің бір ғана қосалқы шоты ашылуы мүмкін.

13. Орталық депозитарийдің депоненті номиналды ұстаушы есебінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен кастодиандық, брокерлік және дилерлік қызметті қоса атқарған кезде:

1) осы Ереженің 12-тармағының 2), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген қосалқы шоттар номиналды ұстау қызметін көрсету арқылы брокерлік қызметті көрсету туралы шарт негізінде ашылады;

2) осы Ереженің 12-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген қосалқы шоттар кастодиандық шарт негізінде мыналардың атына ашылады:

кастодиандық қызмет көрсетуге берілген оларға тиесілі қаржы құралдарын есепке алу үшін Қазақстан Республикасының резиденттері;

басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған қаржы құралдарын есепке алу үшін Қазақстан Республикасының резиденттері номиналды ұстаушылар;

Қазақстан Республикасының резидент еместері номиналды ұстаушылары.

14. Орталық депозитарий клиенттерінің жеке шоттарын (қосалқы шоттарын) ашу және жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және орталық депозитарийдің ережелер жиынтығымен белгіленеді.

15. Осы Ереженің 10-тармағында көрсетілген заңды тұлғалардың немесе сауда-саттықты ұйымдастырушының тиісінше бұйрықтарының негізінде орталық депозитарий қаржы құралдарымен жасалған мәмілелерді тіркеу жөніндегі операцияларды және ақпараттық операцияларды жүзеге асырады. Ақпараттық операциялар орталық депозитарийдің ережелер жиынтығымен көзделген жағдайларда депонент клиенттерінің бұйрықтары негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

16. Орталық депозитарий бұйрықты алған сәттен бастап үш күнтізбелік күн ішінде оның орындалмау себептерін көрсете отырып жазбаша бас тартуды мынадай жағдайларда ресімдейді:

1) бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыруға орталық депозитарий клиентінің іс-қимылын тоқтатып тұрғанда немесе лицензиясын қайтарып алғанда (басқа депонентке номиналды ұстауға бағалы қағаздарды аудару жөніндегі немесе орталық депозитарийдің номиналды ұстауындағы

бағалы қағаздарды шығарған операциялар мен ақпараттық операцияларды қоспағанда) ;

2) бағалы қағаздардың айналысқа жіберілуін тоқтата тұруға немесе тоқтатуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті органмен немесе уәкілетті мемлекеттік органдармен бағалы қағаздардың айналысқа жіберілуін тоқтатып тұрған немесе тоқтатқан кезде (ақпараттық операцияларды қоспағанда) ;

3) бағалы қағаздар шығарылымының талаптарына сәйкес бағалы қағаздардың айналысқа шығарылуын тоқтатып тұрған немесе тоқтатқан кезде (ақпараттық операцияларды қоспағанда) ;

4) бұйрықтың орталық депозитарийдің ережелер жиынтығымен белгіленген нысанға сәйкес келмегенде ;

5) толтыру үшін міндетті бұйрық деректемелерінің жоқтығы, сондай-ақ дұрыстаулар немесе түзетулер болған кезде ;

6) бұйрықтардағы қойылған қол үлгілерінің (мөр бедерлеріндегі) нотариатта куәландырылған үлгілерге (бедерлерге) сәйкес келмегенде ;

7) бұйрықта көрсетілген жеке шот немесе қосалқы шот оқшауланғанда ;

8) бұйрықта көрсетілген бағалы қағаздардың қиындығы болған кезде ;

9) орталық депозитарий клиенттерінің шоттарында (қосалқы шоттарында) бағалы қағаздардың және/немесе ақшаның тиісті мөлшері болмаған кезде ;

10) қарсы бұйрық болмаған кезде ;

11) номиналды ұстаудағы/номиналды ұстаудан бағалы қағаздарды енгізуге/шығаруға орталық депозитарийдің бұйрығын есепке алу ұйымының орындамағаны туралы хабарламаны алған кезде ;

12) мәміленің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмесе ;

13) орталық депозитарийдің ережелер жиынтығымен белгіленген өзге жағдайларда.

17. Орталық депозитарий құжат нысанында шығарылған қаржы құралдарын және клиенттердің олар бойынша құқықтары туралы жазбаларды, оның ішінде көрсетілген ақпаратты көшіру жүйесін және жазбаларды сақтаудың қауіпсіз жүйесін пайдалану арқылы сақтау үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз етеді.

18. Орталық депозитарий құжат нысанында шығарылған қаржы құралдарын материалсыздандыруды өзінің орталық депозитарий клиенттерінің жеке шоттарындағы (қосалқы шоттарындағы) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде көрсетілген қаржы құралдары бойынша құқықтарын есепке алу және куәландыру арқылы жүзеге асырады.

Орталық депозитарий қаржы құралдары бойынша клиенттердің құқықтарын орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде жеке шоттан (қосалқы шоттан) үзінді жазбаны беру арқылы растайды.

19. Орталық депозитарий материалсыздандырылған қаржы құралдарын Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіппен сақтауды жүзеге асырады.

20. Номиналды ұстаудағы қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша, сондай-ақ бағалы қағаздар бойынша кірісті төлеу бойынша және оларды өтеген кезде төлем агентінің функцияларын орындау мақсатында орталық депозитарий бір мезгілде клиенттерге номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде жеке шоттар (қосалқы шоттар) мен банк шоттарын ашады.

21. Орталық депозитарий клиенттерінің ақшасын есептеуді баланстан тыс шоттарда жүзеге асырады.

Орталық депозитарий депоненттің және оның клиенттерінің ақшасын екі банк шотын ашу арқылы бөліп есепке алады.

22. Қаржы құралдарымен мәмілелерді жасаған кезде ақша бойынша есеп айырысуды орталық депозитарийдің тапсырмасы бойынша орталық депозитарий немесе есеп айырысу орталығы жүзеге асырады.

23. Орталық депозитарий қаржы құралдарын номиналды ұстау бойынша функцияларды орындау шеңберінде орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ол туралы мәлімет жоқ оның клиентінің артықшылығы бар сатып алу құқығын іске асыруға өтінімді депоненттен алғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей осы өтінімді эмитентке жібереді.

24. Орталық депозитарий номиналды ұстау қызметін көрсету мақсатында өз атына:

1) бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесінде номиналды ұстаушының жеке шотын;

2) қаржы құралдарын есепке алу үшін кастодиан банктерде, халықаралық және шетелдік депозитарийлердегі жеке шоттарын;

3) орталық депозитарий кірісті төлеген кезде және/немесе орталық депозитарийдің номиналды ұстауындағы қаржы құралдарын өтеген кезде алатын ақшаны есептеу үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде қаржы құралдарымен мәмілелерді жасау үшін кастодиан банктерде, халықаралық және шетелдік депозитарийлерде банк шоттарын ашады.

25. Орталық депозитарий кемінде аптасына бір рет резервті көшірмені және орталық депозитарийдің есепке алу жүйесін құрайтын электронды деректерді сақтауды жүзеге асырады. Резервті көшірмелер ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізілімнен қорғалуға жатады және оларды жаңартылған резервті көшірмелермен ауыстырғанға дейін сақталады.

Резерв орталығында не сейфтік операцияларды жүзеге асыратын ұйымда ақпараттың сыртқы тасымалдағыштарында резервті көшірмелерді сақтау жүзеге асырылады.

Резервті көшірмелерді сақтау шартын жасаған (бұзған) сәттен бастап он күнтізбелік күннің ішінде орталық депозитарий бұл туралы уәкілетті органға шарт жасаған (бұзған) ұйымның атауын, сондай-ақ шарт жасалған күн мен нөмірді көрсете отырып хабарлайды.

26. Мемлекеттік бағалы қағаздарды есепке алу және олар бойынша құқықтар орталық депозитарийдің бастапқы дилерлердің (бастапқы агенттердің) жеке шоттарының шеңберінде ашылған тек қосалқы шоттар бойынша жүзеге асырылады.

Орталық депозитарийдің мемлекеттік бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерге депозиторлық қызмет көрсетудің жүзеге асырудың шарты мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және орталық депозитарийдің ережелер жиынтығымен айқындайды.

27. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізу бойынша қызметті орталық депозитарийдің жүзеге асыру шарты мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және орталық депозитарийдің ережелер жиынтығымен белгіленеді.

28. Орталық депозитарий клиенттері алдында олардың жеке шоттарының (қосалқы шоттарының), банк шоттарының және көрсетілген шоттар бойынша жасалатын операциялар туралы есеп береді.

Клиенттердің жеке шоттарынан (қосалқы шоттарынан) және банк шоттарынан үзінді жазбаларды ұсыну мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және орталық депозитарийдің ережелер жиынтығымен белгіленеді.

29. Депозитарлық қызметті жүзеге асыру барысында туындайтын және осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агенттігі
Басқармасының 2006 жылғы
27 мамырдағы N 128
қаулысының 2-қосымшасы

**Күші жойылды ден танылатын
нормативтік құқықтық актілер тізбесі**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Орталық депозитарийдің бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 27 қазандағы N 381 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2586 тіркелген, "Казахстанская правда" газетінде 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 10 санында жарияланған).

2. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Орталық депозитарийдің органдары, олардың функциялары мен өкілеттігі, олардың шешімдерді қалыптастыру және қабылдау тәртібі туралы" 2004 жылғы 25 қыркүйектегі N 270 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3181 тіркелген)

3. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Орталық депозитарийдің заңды тұлғаларды құру мен олардың қызметіне қатысуы туралы" 2004 жылғы 25 қыркүйектегі N 271 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3197 тіркелген).

4. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Орталық депозитарийдің заңды тұлғаларды құру мен олардың қызметіне қатысуы туралы" 2004 жылғы 25 қыркүйектегі N 271 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" 2005 жылғы 26 наурыздағы N 105 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3566 тіркелген)

5. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Орталық депозитарийдің бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 27 қазандағы N 381 қаулысына толықтыру енгізу туралы" 2005 жылғы 26 наурыздағы N 111 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3613 тіркелген)

6. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Орталық депозитарийдің бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 27 қазандағы N 381 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2005 жылғы 27 тамыздағы N 314 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3845 тіркелген)